


84.5/423 = 2
0-81

Рахымжан
ОТАРБАЕВ


Дйна-зумур






Рахымжан Отарбаев


АЙНА-ҒҰМЫР

Пьесалар 



0 7 2 2 2 2

FOLIANT
БАСПАСЫ
Астана-2013



УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

О-81

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің
әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы
бойынша шығарылды*

О-81 Отарбаев Р.

Айна-ғұмыр. Пьесалар. – Астана: Фолиант, 2013. – 512 б.

ISBN 978-601-302-011-2

Рахымжан Отарбаевтың бұл кітабына пьесалары топтас-
тырылған. Тарихтағы табандылық пен тамырдағы тектілік-
ті ұштастыра отырып, адам мен қоғам, тұлға мен тобыр
тартысқан замана шындығын бүкпесіз суреттеген автордың
әр туындыдағы айтар ойын ойлы оқырман өзі саралар.

Талғамы биік көпшіліктің көңілінен шығары талассыз.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-302-011-2

© **Отарбаев Р., 2013**

© **«Фолиант» баспасы, 2013**

АЙНА-ҒҰМЫР

Екі бөлімді, төрт көріністі драма

Қатысатын кейіпкерлер

1. ШАЛ
2. КЕМШІР
3. ҮЛКЕН ҰЛ
4. ОРТАНШЫ ҰЛ
5. КЕЛІН
6. КЕНЖЕ ҰЛ
7. ӘЙЕЛІ
8. ҚЫЗ
9. НАРҚОБАРОН
10. ГЕНЕРАЛ
11. МЫНАУ
12. АНАУ
13. ДЕЛДАЛ
14. ҚОНАҚ
15. КӨМЕКШІ
16. КОНВОЙ



Бірінші бөлім

Бірінші көрініс

Қала пәтері. Тәрде кемпірі, одан төменірек екі ұлы жайғасқан. Алдарында ұлкен стол. Келін мен қыз дастархан жасап жүр. Жарда көненің көзіндей боп ұзындығы бес, ені үш қарыс айна ілулі тұр. Жиегі қымбат ағашпен көмкерілген. Жанындағы бөлмеден шал кіріп айнаға үңіледі. Екі ұртына алма-кезек жел толтырып, көзін аударып-төңкереді. Екі ұл бір-біріне қарап жымыңдасады.

КЕМПІР (*жаратпай*): Иә, сөңіңе келісіп тұрсың. Жетпеген жеріңе жел айдап.

ШАЛ: Кешегі оқыранып тұрған шақта айтсаң қайда қалдың?.. Осы сөзді.

КЕМПІР (*қозғала беріп*): Ойбай, белім... Бәрі сенің кесірің.

ҚЫЗ: Ну, мам...

ШАЛ (*күліп*): Солай де...

КЕЛІН (*ақ құманын қолға алып*): Шай ішейік.

ҮЛКЕН ҰЛ (*жымылып*): Жеңімпазы анықталмайтын айтыс қой.

ОРТАНШЫ ҰЛ: Иә. Шай ішерде шарпысып алмаса... Мамам мен папам да қызық осы.

ҚЫЗ (*көңілді*): Шай-ға! Бәріміз де... Мен асығыспын.

КЕМПІР (*стол басына отырып жатып*): Тағы қайда? Күн демалыс емес пе?

ҚЫЗ: Бурабайға. Достарыммен барам да кешке қайтам.

ҮЛКЕН ҰЛ: Сауық-сайран ба?

ОРТАНШЫ ҰЛ: Көктем шықса бітгі, көбелектей боп...

ШАЛ (*қабая шытып*): Жә! Барсын. Өз көлігі өзінде. Сендерге салмақ салып па?

КЕМПІР: Сақ бол! Сандалғандар көп.

КЕЛІН: Мен де дүкеніме кетем.



ҮЛКЕН ҰЛ (*әйеліне қарап*): Жай барасың ба?

КЕЛІН: Сатушы қатындарды бір қуырып алмасам. Төбеге шығар түрі бар.

ШАЛ: Әлгі кенже ұл неге кешікті? (*Отырғандар бір-біріне көз астынан қарасады. Бәрі де үнсіз тынады*).

ҮЛКЕН ҰЛ: Кеше тендер ойнаған, әке.

ОРТАНШЫ ҰЛ (*жылмаң қағып*): Ойнатып-ойнатып жібердік қой.

КЕЛІН (*ортаншы ұлға жаратпай қарап*): Иә...

ШАЛ (*көтеріліп, қомпылдап*): Е, құтты болсын.

КЕМПІР: Игілігін айт, балам.

ҮЛКЕН ҰЛ (*кесені шыырып жіберіп*): Бір миллиардты бір-ақ алдым.

ОРТАНШЫ ҰЛ (*жылмаң қағып*): Алдық...

КЕЛІН (*ортаншы ұлға жаратпай қарап*): Иә...

ШАЛ: Ой-буй, ол ақшаны қайда жұмсайсың?

ҮЛКЕН ҰЛ: Қалаға он алты қабатты үй саламын.

ШАЛ: Е, бөрекелді.

ОРТАНШЫ ҰЛ: Қалғанына...

ҮЛКЕН ҰЛ: Қалған ақшаға зәулім коттедж бастаймын. Қашанғы бес бөлмелі пәтерде қамаламыз.

КЕМПІР: Игілігін айт, балам.

КЕЛІН (*елеусіздеу етіп*): Бөлек-бөлек салған жақсы ғой. Ұйлығыса бермей.

ҮЛКЕН ҰЛ (*екпінден*): Тағы бір тендерге қармақ салып қойдым. Бұйырса...

ШАЛ: Иә, бұйырса де...

ҮЛКЕН ҰЛ: Бұйырса, одан үнемдеген ақшаға жер алып, мыңғыртып мал ұстаймын.

КЕМПІР: Ата кәсіп қой, шырағым.

ОРТАНШЫ ҰЛ (*қоқырайып*): Осы сен тендерді алып, болары болып, бояуы сіңген соң көптік жалғауды ұмытып кетесің, а? (*Өз төсін өзі ұрып*) Тек мен, мен. Білетінің осы!

ШАЛ (*ұрсын*): Ағаң айтса жөні бар. Ол – басшы, сен – қосшы. О, несі!



КЕЛІН: Соны айтам-ау.

ОРТАНШЫ ҰЛ (*жеңгесіне*): Сен аузымды қыздырмай отыр.

КЕЛІН (*көкшеңдеп*): Ал, қыздыр. Көрейік.

ҚЫЗ (*ұшып тұрып*): Дауларың бітпес. Мен кеттім.

КЕМПІР (*ере тұрып*): Абай бол, қарғам! (*Ұлдарына қарап*) Жә, керілдесе кетуін... Бәрі бір қазанға құйылып жатқан жоқ па?

ОРТАНШЫ ҰЛ (*бұртиып*): Ортақ қазан? Құйттай-құйттай қалайы қасықтар көп. Тасып кететін...

КЕЛІН (*ала көзімен атып*): Сөзін қарашы, сөзін!

ҮЛКЕН ҰЛ (*тұтанып*): Мен болмасам көрер ем...

ШАЛ (*қолын көтеріп*): Жә! Сөз терген пәлеге жолығар. Тендері құрсын. Ақша мен алауыздық қатар келді ғой. Жоғымызда шүкірлік айтып ұйып отыратын ек.

КЕМПІР (*мазасызданып*): Осы кенже ұл қайда жүр? Шайға неге келмейді?

ҮЛКЕН ҰЛ (*тыжырынып*): Жүрген шығар. Сақалын желге тарап.

ОРТАНШЫ ҰЛ: Қара жамылған қатынының қасында.

КЕЛІН (*отқа май құйып*): Өздерінің модасы дағы.

ҮЛКЕН ҰЛ: Мода? Одан да шыр айналдырған шырмауық десеңші!

КЕМПІР: Құдайдың зарын қылдым. Сақалыңды ал. Өкеңнен айырмаң болмай қалды деп. Жазған бала...

ОРТАНШЫ ҰЛ: Келін сүйіскенде аузын таба алмай қалып жүрген шығар.

ШАЛ (*күрсініп*): Жә, сенің қылжағың қалмас.

(*Осы кезде есіктен кенже ұл мен қара қымтанған келіншегі кіреді. Үй ішіндегілерге бас изеп столға отырысады*).

КЕМПІР: Қайда жүрсіндер? (*Шай құйып*) Не боп барасыңдар осы?

ШАЛ: Сөйлесуден қалдық.



КЕЛІН (*шыға жөнеледі*): Мен кеттім. Дүкенге... Тауар келетін еді.

КЕМПІР: Ішіндер. Тойып алыңдар.

КЕНЖЕ ҰЛ (*тарелканы лақтырып*): Колбаса... Таң атпай шошқа жемесеңдер іштерің ауыра ма? (*Шайды теріс қарап, өзгелерге жауырынын беріп ішеді*).

ӘЙЕЛІ (*басындағы қара орамалын қымтай түсіп, ол да сырт айналады*): Кәпірдің асы.

ҮЛКЕН ҰЛ (*атып тұрып*): Сендер кім болғыларың келеді осы?

ОРТАНШЫ ҰЛ: Соны айтам-ау.

КЕНЖЕ ҰЛ (*тікireйін*): Мұсылман! Шынайы мұсылман!

ҮЛКЕН ҰЛ: Жетіскен екенбіз. Бар мұсылманның тағдыры сендерге қарап қалыпты.

ОРТАНШЫ ҰЛ: Соны айтам-ау.

ШАЛ (*таусыла сөйлеп*): Шырағым-ай, осы екеуінді түсінуден қалдық. Алтын асықтай бала едіңдер. Ал, шынайы мұсылман бола қойыңдар. Сонда олар әке-шешенді жат көр, бірге туғандарыңнан безіп шық дей ме?

КЕМПІР: Адал астың өзін теріс қарап ішесіңдер. Беттеріңе қарай алмайтындар не жаздық сонша?

ОРТАНШЫ ҰЛ: Бұлардың милары айналып қалған, айналып!

КЕНЖЕ ҰЛ: Ішкендерің – арақ, жегендерің – харам! Жүректеріңе иман қонбаған.

ҮЛКЕН ҰЛ: Сонда кімбіз біз?

КЕНЖЕ ҰЛ: Дінсізсіңдер!

ҮЛКЕН ҰЛ (*тура ұмтылып*): Оңбаған ит! Хайуанның сөзін көрдің бе, сөзін!

КЕМПІР (*шыр-пыр боп*): Тоқтат, ойбай! Ошақтың үш бұтындай боп отырып төбелесейін дедіңдер ме? Тоқтат!

ҮЛКЕН ҰЛ: Сақалыңды жұлармын! Желкелеп апарып қаматармын!



ОРТАНШЫ ҰЛ (*жер теуіп*): Қаралай қара жамылып!
Жаманат шақырып! Өз бастарыңа көрінгір!

КЕНЖЕ ҰЛ: Бізде шаруаларың болмасын. Біздің жолымыз басқа! Мақсатымыз бөлек!

ШАЛ: Мақсаттарың аз қазақты алтыға бөлу ме?

ҮЛКЕН ҰЛ: Елді іштен іріту ме?

КЕНЖЕ ҰЛ: Жоқ! Таза мұсылмандық жолды ұстану.
Хақ жолын!

ШАЛ: Иман – жүректе! Сақалда емес! Шолтиған балақта емес! Бүркенген қара орамалда емес!

ӘЙЕЛІ (*атып тұрып кенже ұлға*): Кетейікші...

КЕНЖЕ ҰЛ: Тоқта! Асықпа! Арманда қалмасын.
Айтсын.

ҮЛКЕН ҰЛ (*сабырға келіп*): Жарайды, айтшы, інім, сонда сендерге қамқоршыларың әке-шешенмен араласпа дей ме? Тиым сала ма?

КЕНЖЕ ҰЛ: Жоқ. Араласу үшін олар да мына біз сияқты шынайы мұсылман болуы шарт.

ОРТАНШЫ ҰЛ: Жарайды. Сақалды...

КЕНЖЕ ҰЛ: Ол жоқ жерде иман ұйымайды. Шайтан иектейді.

ӘЙЕЛІ: Кетейікші...

ҮЛКЕН ҰЛ: Араб елінде күн күйіп тұрады. Шаң-тозаң.

ОРТАНШЫ ҰЛ: Көрдік. Солай. Бүркенсе әйелдері содан қорғанады.

КЕНЖЕ ҰЛ: Қымтансаң өзезілден аулақ боласың. Әйелдің көзіне жат еркектің көзі түспеуі керек. Неке бұзылады. Жын-пері айналдырады.

ҮЛКЕН ҰЛ: Солай де.

ОРТАНШЫ ҰЛ: Демек, біз енді бір туған бауыр емеспіз ғой.

КЕМПІР: Ойбай, не дейд!

КЕНЖЕ ҰЛ: Біз бауырларымызды тапқанбыз. Солар бізге туыс. Бір атаның балаларымыз.



ӘЙЕЛІ: Олар бізге қамқор. Алланың ақ жолындағы адамдар.

ШАЛ (*шат-шәлекейі шығып*): Әкеден артық, шешеден қымбат олар кімдер? Айт, жаныңның барында! (*Қолындағы таяқпен кенже ұлды ұрады*). Қолдарыңда өлейін!

ӘЙЕЛІ (*айнала қашып*): Кетейік! Қашайық! Өлтірер бізді!

ОРТАНШЫ ҰЛ: Жұмақ күтіп тұр. Несіне қорқасыңдар? Саспа!

КЕМПІР (*араша тұсіп*): Мұны көргенше... Ал, Құдай, ал! Өз қолыңмен!

КЕНЖЕ ҰЛ: Әке! Осы сен де кезінде молда болдың ғой. Пенсияға шығып...

ШАЛ (*ентігін басып*): Ал, болдым!

КЕМПІР: Бәрі сенен басталды! Қақбас!

ҮЛКЕН ҰЛ: Несі бар екен?

ОРТАНШЫ ҰЛ: Әкеміздей болып ал!

КЕМПІР (*шалына шаптығып*): Жарытқаның шамалы!

ШАЛ: Сен, кемпір, қатқан нәрсені жібітпе.

КЕМПІР: Елді ала тайдай бүлдіріп, ауылдан қашып шыққан жоқсың ба?

ШАЛ (*кемпіріне таяғын көтеріп*): Ой, сені...

КЕНЖЕ ҰЛ (*мырс ете тұсіп*): Рас, әке. Солай!

КЕМПІР: Молда болам деп. Жаназа шығарам деп... Марқұмның сауабын алам деп...

ШАЛ: Әкемнен үйреніп қалғаным сол болса қайтем? Жастай қалдым.

КЕМПІР: «Талақ» сүресін жаназада оқып. Ел-жұртты шулатып!

КЕНЖЕ ҰЛ: Солардың бәрі имансыз кеткен. О дүниеге. Оларға жұмақтың есігі жабық! Обалы – сізге!

ҮЛКЕН ҰЛ: Сол олқы тұсты болып (*кенже ұл мен келінді нұсқап*) осылар өсіп шықты.

ШАЛ (*таяғын ала ұмтылып*): Атаңа ғана нәлеттер!



(Осы кезде жарда ілулі тұрған айна тарс етіп жерге құлайды. Бес-алты бөлікке сынады. Бәрі селк етіп шошып кетеді. Еңкейіп айнаның сынықтарына үңіледі).

КЕМПІР: Алла-ай! Көнеден қалған көз еді ғой.

(Сахнаға экраннан сынған айнаның суреті беріледі. Шал, кемпір, ұл, кенже ұл мен әйелі бөлек-бөлек бір-бір сынықтан иеленіпті. Өздері алаңдап, секем алып бір-біріне қарасады).

ҮЛКЕН ҰЛ *(шырылдаған қалта телефонын көтеріп):* Да... Иә, қарындасым. Не дейд. Қашан? Тірі ме? *(Дағдарып)* Сұмдық! Аварияға түсіпті. Бурабайдың жолында!

Екінші бөлім

Екінші көрініс

Сахна күңгірт. Екі-үш ойма жарық байыз таппай әрлі-берлі қайшыласады. Ақыры түкпірде отырған наркобаронға кеп тоқайласып тоқтайды. Наркобаронның мойнындағы, білегі мен саусағындағы алтын алқа мен торғайдың басындай жүзіктер жарықпен шағылысады. Ол ызалы қалпы дүниені көзімен ішіп-жеп, ыдырынып байыз табар емес.

НАРКОБАРОН *(еденді теуіп):* Жеті қат жер астына тығам! Сосын *(қолымен көрсетіп)* шашынан қайтадан тартып шығарам! *(Жан-жағына жалт-жұлт етіп қарап)* Өңешін суырып! Жандарын жаһаннамға жіберем! Бетіме қарағанның бәрін! *(Есіктен делдал жігіт кіреді).*

ДЕЛДАЛ *(қалбалақтап):* Келді! Күтіп алдым. Жол тосып.

НАРКОБАРОН *(жаратпай):* Не қалтаң-құлтаң етіп тұрсың?

ДЕЛДАЛ: Қонақ... Ресейден ғой.



НАРКОВАРОН: Болса ше? *(Осы кезде құткен қонақтары келеді)*. Төрлет!

ҚОНАҚ *(сазарып)*: Жол неге жабылды?

НАРКОВАРОН: Абайсызда... Әйтпесе бәрі тақтайдай тегіс еді.

ҚОНАҚ: Кінәлі кім?

НАРКОВАРОН: Тауар тиелген «Хаммер» аварияға түсті. Кінәлі – қыз.

ҚОНАҚ: Ол қайдағы қыз? Командаларыңа енді қатынды да алғансыңдар ма?

НАРКОВАРОН: Жоқ. Бурабайға бара жатқан... Қаңғып жүрген біреу.

ҚОНАҚ *(пистолетін столға шығарып қойып)*: Кім болса да шаруам жоқ. *(Бір саусағын көрсетіп)* Біреу төленді ме?

НАРКОВАРОН: Төленді.

ҚОНАҚ *(екі қолын жайып)*: Ал тауар жоқ! Онымен қоймай жіптің ұшын менттердің қолына бересіңдер. Рас па?

НАРКОВАРОН: Жоқ! Тауарды екінші партиямен жөнелтемін. Жіп қолымызда! Жалғанбайды! Үзіп тастаймын!

ҚОНАҚ: Сақ бол! Уәде – уәде! Әйтпесе...

НАРКОВАРОН *(бас изеп)*: Уәде – уәде!

ҚОНАҚ *(пистолетін кері қалтасына салып)*: Шетелдіктердің алдында ұятқа қалдық. Олар он бес күннен бері Одессада отыр! Берілетін уақыт бір апта!

НАРКОВАРОН: Жеткізем! Саны да, сапасы да сол қалпы. *(Қонақ шығып кетеді. Бұл делдалға ақырады)*. Алып кел Анауды ауруханадан!

ДЕЛДАЛ: Күндіз-түні күзет қойылған. Палатасына жібермейді.

НАРКОВАРОН *(жынданып)*: Айт Мынауға! Ебін тапсын. Шығарсын жанының барында! Уақытша! *(Көмекшісі кетеді)*. Кәззап кілең! Бұлар менің мойнымды қыл тұзаққа... Жо-жоқ, бола қоймас. Алдымен өздерін асар-



мын. Дар ағашына! *(Қолын бұлғап көрсетіп)* Аяқтарын салаңдатып! Өлгі қаншықты да қолға түсірем! *(Көзін адырайтып, жұдырығын білемдеп)*. У-у-ух! Бәлем! Ататайлатып, көкетайлатып! *(Ішке делдалмен бірге қолы, басы ақ дәкемен таңылған Анау кіреді. Наркобарон ақырып)* Келдің бе? Қатын құсап басына таққанын! Одан да неге өлмейсің сен?! Сұрауың жоқ екі дүниядә!

АНАУ: Шеф, әдейі істедім бе? Тұрғам!

НАРКОБАРОН: Неге тұрасың, ит-ау?!

АНАУ: Алдағы постадағы менттер ауыссын деп хабарлады. Сосын...

НАРКОБАРОН: Кім?

АНАУ: Мынау!

НАРКОБАРОН: Мынау?

АНАУ: Иә. Сол. Осы жолы сол жауапты еді. Тұрғанбыз.

НАРКОБАРОН: Сосын?

АНАУ: Ақ «Прада» келді де артымнан кірді. Кемі 150-мен келе жатыр.

НАРКОБАРОН: Өлгі қаншық па?

АНАУ: Иә.

НАРКОБАРОН: Сосын?

АНАУ: Жол полициясының қызметкерлері қаптап кетті. Келді де тауарға жармасты.

НАРКОБАРОН *(ақырып)*: Сосын?

АНАУ: Кілең сержанттар. Өңшең ақымақ! Көнбеді! Крупный партия! Жолы кесілді. Премия аламыз десіп.

НАРКОБАРОН *(кектеніп)*: Алар! Алдырармын оларға! Ақымақтар! Сүмелектер!

АНАУ *(басын төмен салып)*: Кешір, шеф!

НАРКОБАРОН: Кешірім жоқ! *(Анау мұның аяғын құшып құлай кетеді. Көмекші тоңқайып жатқанында құйрығынан теуіп тұрғызады)*.

АНАУ *(алақтап)*: Кінәмді жуайын, шеф!

НАРКОБАРОН: Жуасың *(ойланып)*. Үш күнде *(бір сауағын көрсетіп көзін қысып)* мынаны әкелесің. Тауарды өз



мойныңа аласың. Жіптің ұшы шықпайды! Сенімен үзіледі! Ұқтың ба? Үзіледі! Осыны орындасаң ертең түрмеде жағдайың жасалады. Кешікпей құтылып шығасың. Өйтпесе, *(пистолетін қолында секіртіп, қайта-қайта қағып алады)* түсінікті ме?

АНАУ: Түсінікті *(қалтырап)*. Бәрін де, шеф, орындаймын. Тек, *(саусағын шошайтып, қалтыратып)* біреуді қайдан табам?

НАРКОВАРОН: Ол менің шаруам емес. *(Пистолетін тағы да қолында ойнатады)*.

АНАУ: Шеф, бәлкім қызға таптырармыз?

НАРКОВАРОН: Қыз?.. *(Ойланып)* Оның айыбы бөлек. Шаруаң болмасын. Қаныңды басқаға жақпа.

КӨМЕКШІ: Түсінікті шығар. Жүр, шыққан терезенен қайта сүңгітейін.

АНАУ *(жанталасып)*: Шеф, шеф!..

НАРКОВАРОН: Бар! Үш күн срок. Морг аурухананың қасында. Есіңнен шығарма. Бар. *(Көмекші мен Анау кетеді. Бұл қалта телефонын алып Мынауға қоңырау шаалады)*. Алло!.. Иә. Сөйлестім. Мойнына алса... Болмайды?.. Қиындап кетеді?.. *(Ойланып)* Енді қалай? Қызға! Тәк! Қиын емес пе? Ағаларына қысым жасау. Ол қолда. Сақ бол. Ананың аузын жауып ұста! Жақсы.

(Жарық қараңғыланып кері берілгенде конвой қызды алдына салып сахнаның ана шетінен мына шетіне айдап алып өтіп кетеді. Сахна айналады. Алғашқы көріністегі қала пәтері көрініс береді. Шал мен кемпір, үлкен және ортаншы үл, келін отыр. Үрей меңдеген. Уайым кемірген. Дағдарған).

КЕМПІР: Жалғыз қызды қараңғы үйде қаматып... Қайран қалмай...

ШАЛ *(столды жұдырығымен ұрғылап)*: Жандарың барында ақша табыңдар! Полицияның көмейін бітеңдер. Машинаның құны тағы бар.



ҮЛКЕН ҰЛ: Бизнесім тоқтап қалады. Осы күні 20 пайызын бастықтарға алдын-ала бермесең тендер жоқ.

ШАЛ: Бұл жолы алма. Құрып кетсін. Коттедж де салма.

ҮЛКЕН ҰЛ: Аштан өлеміз бе? Көштен қаламыз ба?

КЕМПІР: Дүкен бар емес пе?

КЕЛІН: Ол өзін-өзі ілініп өзер ақтап отыр.

ОРТАНШЫ ҰЛ (*ағасына қарап*): Сенде ақша бар. Шотыңда тұр емес пе?

ҮЛКЕН ҰЛ: Сап етіп тексеру келіп қалса қайтем?

ОРТАНШЫ ҰЛ: Келсін. Қырып кете ме?

ҮЛКЕН ҰЛ: Осы сен мені неге басынасың, а?

КЕЛІН: Соны айтам-ау. Біздің арқамызда күн көріп отырып.

ОРТАНШЫ ҰЛ (*ере түрегеліп*): Сен бе мені асырап отырған? Пішт, мә!

КЕЛІН: Біз. Мына біз. (*Көкшеңдеп*) Біліп қой.

(*Осы кезде ішке сақал таққан кенже ұл мен қара киініп, орамал бүркенген әйелі, келін шеттеу жерге жайғасады*).

ОРТАНШЫ ҰЛ (*жұлқынып*): Сен қатын, барып тұрған алаяқсың. Дүкеннен түскен пайданы ғұмыры жарымайтын тұқымыңа ұрлап үлестіресің.

КЕМПІР (*алғашқы көріністегі шалдыр етіп сынған айна даусы естіледі. Селк ете түседі. Өзгесі елемейді. Шалына тап-тап беріп*): Бәрі сенің қырсығың. Айналып-үйіріліп келіп соғады да тұрады. Ауылда жинаған әжептәуір пенсиямыз бар еді. Ата-бабам өңшең батыр, би болған. Ойбай, шежіре шығарам. Бұлдап сатам. Баймыз деп. Ал, байыдық. Өңшең өтірікті ақыры өртеп тынған жоқсың ба?

ШАЛ (*мырс-мырс күліп отырған кенже ұлына зекіріп*): Бұл ненің күлкісі? Иттің күшігі, а?

КЕНЖЕ ҰЛ: Біз бұл дүнианың қашты-қудысына араласпаймыз, әке.

ШАЛ: Жалғыз қарындасың жапа шексе де ме?

КЕНЖЕ ҰЛ: Ақ, қарасын Алла ажыратады. Пөнде-нікі – тілек.



ӘЙЕЛІ (*басын изеп қоштап*): Солай.

ШАЛ: Ой, атаңа нәлет! Алла ажыратам дегенше, адам өлтіріп барады ғой, адам! Буындырып.

КЕНЖЕ ҰЛ: Демек, маңдайдағы жазу солай.

КЕЛІН (*көгеріп-сазарып қолындағы кесені стол үстіне лақтырып сындырып*): Тұқымыңа улап бердің деуін! Барып тұрған өзің жүліксің.

ОРТАНШЫ ҰЛ (*атып тұрып*): Не дедің? Не дедің?

КЕЛІН: Жай достан бастыққа деп 20 пайыз аласың. Беретінің 10 пайыз. Естімей-көрмей жүр дейсің бе?

ОРТАНШЫ ҰЛ: Тоқтат дедім! Иттің қатыны!

ҮЛКЕН ҰЛ (*атып тұрып*): Сонда (*тәсін ұрып*) ит мына мен бе?

ОРТАНШЫ ҰЛ: Жоқ. Просто айтқаным.

КЕЛІН: Тоқтамаймын. Бетіңді шиедей етем. Суыр ақшаны қалтаңнан! Көңілдес қатыныңның қойнына тыға бермей.

ҮЛКЕН ҰЛ: Рас па осы? Алдап жүрсің бе? Ағаңды?

ОРТАНШЫ ҰЛ: Сенбе! Қатын – дұшпан!

КЕЛІН: Бұл бала күнінен шпана болатын.

ШАЛ (*даусын көтеріп*): Қойыңдар дейм.

КЕМПІР: Бұлар басылмас. Дауыл көтеріп... Бірін-бірі көзге шұқып...

КЕЛІН: Рас, рас. Шпана болатын.

ОРТАНШЫ ҰЛ (*ақырып*): Не істеппін соншама? Айт, жасырма!

КЕЛІН: Мектепте «Тимур» командасына жазылып, бір соқыр шалды жолдан жетектеп өткізіп жүргенде зулап машина келіп қалып, өзі қашып құтылып, шалды басып кеткен.

ОРТАНШЫ ҰЛ: Сонда жастай өзім өлуім керек пе?

КЕЛІН: Мұның көзін сонда құрту керек еді. Зынданда шірітіп!

ОРТАНШЫ ҰЛ (*аяғындағы тәпшкені шешіп алып лақтырады. Ол үлкен ұлга тиеді*): Өй, әкең!



ҮЛКЕН ҰЛ (*қолына түскенді ол да лақтырып*): Әй, шешең!

ШАЛ (*ақырып*): Тоқтат, өңшең имансыз! (*Екі ұлының ортасына түсіп, түйгіштеп*) Көргенсіз ит!

КЕМПІР (*ойбайлап*): Мені сат! Шығар базарға! (*Шалын нұсқап*) Сат мынаны да сақалынан сүйреп құлдыққа. Ойбай!

(*Бұл кезде кенже ұл мен әйелі шеткері шығып, жайнамазға жығылып жатады*).

ҮЛКЕН ҰЛ (*шырылдаған қол телефонын көтеріп, црейленіп*): Иә, ағасымын.... Қарындасым... Білем. Қираған «Хаммердің» құны... 150 мың доллар... Сосын бір миллион... Теңгемен бе? (*Айқайлап*) Дол-лар-мен? Қашан... Қайда? Уһ! (*Отыра кетеді. Бәрі шошына қарап қалады*).

Үшінші көрініс

Сахнада полиция кабинеті көрініс береді. Бір конвой уақытша қамау изоляторындағы қызды оңнан солға қарай айдап өтеді. Екінші конвой керісінше Анауды («Хаммер» автомашинасының иесі, наркокурьерді) солдан оңға айдап әкеліп, кабинеттегі столдың жанына тоқтатады. Анаудың қолы-басы ақ дәкемен таңулы. Осы кезде Мынау (майор) маңғаздана басып кеп столына отырады.

МЫНАУ (*конвойға*): Әй, сен бара бер. (*Ол кетеді*).

КОНВОЙ: Врач миы шайқалған деді.

МЫНАУ: Дубинканы қалдыр. Біз де шайқаймыз.

КОНВОЙ (*дубинканы қойып*): Екі сағатқа ғана босатты.

МЫНАУ (*аларып қарап*): Врачыңмен қоса... Керек болса қазір апарып тығамын СИЗО-ға. (*Конвой кетеді*).

АНАУ (*именіп*): Сәлематсыз ба, Мынау мырза.

МЫНАУ: Тарт тіліңді!



АНАУ: Танымай қалған жоқсыз ба, Анаумын ғой, А-нау...

МЫНАУ (*аларып, ақырып*): Танымай!.. Құрыққа (*қагаз толтыра бастап*) түстің бе, бәлем! Міне, осылай!

АНАУ: Сізге шеф хабарласпады ма?

МЫНАУ (*одан сайын ақырып*): Шеф менде біреу. Ол – генерал! Жоқ менде басқа шеф. Не деп көкіп отырсың өзің!

АНАУ (*абдырап, түсінбей*): Өткен жолы кездесіп... сүйісіп тарап едік қой.

МЫНАУ (*сыбырлап*): Ақымақ, жап аузыңды, сырттан бізді бақылап отыр.

АНАУ (*аузын басып*): Түсіндім. (*Алақ-жұлақ етіп*) Ақымақ басым.

МЫНАУ (*кәріне мініп*): Так, айт, наркотикті кімнен алдың?

АНАУ (*даусы естілмейді, аузын жыбырлатады*): Өзіңіз білесіз ғой.

МЫНАУ (*дауыстап*): Қайда апара жатырсың? (*Қагазын жаза түсіп*).

АНАУ (*жоғарыдағы әдісті қайталап*): Өзіңіз білесіз ғой.

МЫНАУ: Байланышың кім? Айт, жаныңның барында!

АНАУ (*жоғарыдағы әдісті қайталап*): Өзіңіз білесіз ғой.

МЫНАУ: Қашаннан бері? (*Қагазын жаза береді*).

АНАУ (*тағы да сол*): Өзіңіз білесіз ғой.

МЫНАУ: Мойындамайсың, а?

АНАУ (*тағы да сол*): Өзіңіз білесіз ғой.

МЫНАУ (*дубинканы қолына алып, сыбырлап*): Шыда! Бақыр! Иттің күшігі! (*Сабай жөнеледі*) Мә, саған! Мә, ендеше!

АНАУ (*ойбайлап*): Расым! Шыны сол! Өлдім! Құтқар!

МЫНАУ (*өтірік сабай түсіп*): Мойындайсың ба, жоқ па? А, Иттің күшігі! (*Манагы конвой кіріп келеді*). Әй, кет сен! (*Ол шығып кетеді*). Айтасың ба шыныңды, жоқ па?!



АНАУ (*ойбайлап*): Шыным сол! Менікі емес! Жала! Мафияның жаласы! «Хаммер» де менікі емес.

МЫНАУ (*сабауын тоқтатып, алқынып*): Отыр. Енді протоколға жазамыз. Былай деп. Демек, сені біреулер подставить етті... Сенің қатысың жоқ... Авария жасаған қыз күмәнді. (*Көзінің астымен Анауға қарап*) Солай ма?

АНАУ: Солай, майор мырза!

МЫНАУ: Ресейлік наркокурьермен сол қыздың байланысы бар. Өйткені «Хаммер» машинасының шын иесі Иванов деп көрсетілген. Ал қыз мінген «Прада» көлігі де жақында Ресейден сатылып алынған. Солай ма?

АНАУ: Солай, майор мырза!

МЫНАУ (*басын шайқап*): Бәрібір сені құтқару қиын.

АНАУ (*абдырап*): Неге?

МЫНАУ (*төбеге қарап көзін алақтатып, бір саусығын көрсетіп*): Біреуді таптың ба?

АНАУ: Жоқ. Таба алмадым.

МЫНАУ: Бүгін соңғы күн. Шефің күтіп отыр.

АНАУ: Ондай ақша менде жоқ. Болған емес.

МЫНАУ (*ақырып*): Өтірік! Ендеше... Протокол кері жазылады.

АНАУ (*жыламсырап*): Аға-тай! Құтқар! Болашақта да...

МЫНАУ (*шырылдаған қалта телефонын көтеріп, елілдеп*): Жолдас генерал, солай, солай, жауап алып, жанын қысып... (*Сүйкімсіздеу күліп*) Мойындамай жатыр. Иә, иә, сосын аюға сабақ үйреткен таяқ деп... Ескі әдіс қой. Ең төте жол. Айтсаңыз болды... Қанттай қылам ғой. Иә, иә, тек сіздің көлеңкеңізде... (*Телефонды өшіріп*) Ым. Жағдайың қиын, бауыр. Генерал бәрін айнадан көріп отыр... Ал сені өз Шефің күтіп отыр. Бүгін соңғы күн. (*Конвой кіреді*). Алып кет мынаны! Апар ауруханасына! Аз ақылынан айрылып қалыпты. Бейшара!

АНАУ: Ойбайлатып сабасаңыз, әрине!

МЫНАУ: Жоғал!



(Сахна айналғанда кемпір мен шалы шай ішіп отырады).

ШАЛ (кемпіріне қарап): Оразамызды ашайық. Кел.

КЕМПІР: Мен қайда қашар дейсің. Қалғаны болмаса...

ШАЛ: Осы үлкен ұл қайда жүр?

КЕМПІР: Жоқ. Кешеден бері.

ШАЛ: Ақша іздеп кеткен де...

КЕМПІР: Ортаншы ұл қарындасымды қайтсем де құтқарам деп... (Көзін сүртіп) Отқа түсіп ойнап, қазанға түсіп қайнап бітті.

ШАЛ: Кенжені Алла жолына бердік те.

КЕМПІР: Шынайы болса бір жөн ғой. Анау да кәпір, мынау да кәпір... Білмедім кімнен туғанын? (Осы баяғы шалдыр етіп сынған айнаның даусы естіледі. Кемпір селкете түседі. Шал сезбеген қалпы).

ШАЛ: Ақылсыз етіп туып...

КЕМПІР: Ақылмен таптырсаң қайда қалдың? О несі-ай! (Осы кезде үйге делдал (посредник) кіреді. Бас изейді).

ШАЛ: Аман ба? Қай бала?

КЕМПІР: Кел, шырағым, төрлет.

ДЕЛДАЛ: Асығыспын. (Қипақтап) Қыздың шаруасы.

ШАЛ (қомпаңдап): Иә, қарағым, иә.

КЕМПІР (қолбақтап): Оң қабағым тартқандай болып еді. Төрлет дейм.

ДЕЛДАЛ: Жоқ! Кетем. Қыздарыңыз әзір босар емес. Үлкен қылмыс жасаған. Тергеуде.

ШАЛ (жүрегін ұстап): Не дейд? Бар-жоғы әлгі қымбат машина емес пе қиратқаны?

КЕМПІР: Ол не қылмыс? Адам аман ғой, адам!

ДЕЛДАЛ (басын шайқап): Жо-жоқ, қымбат машинаның ішіндегі қымбат мүлік оңбай бүлінген. Ол бір дәудің дүниесі. Тергеушілер солай деп отыр.

КЕМПІР: Алла-ай, не дейді, өзің сонда істейсің бе, шырағым?

ДЕЛДАЛ: Иә, жо-жоқ.



ШАЛ: Кім болсаң да құтқар қызымды. Әлгі балалар қайда жүр, түге.

ДЕЛДАЛ: Так, құтқару қиын. Бірақ түрлі жолы бар.

КЕМПІР: Айта гөр. Қандай жол?

ДЕЛДАЛ: Ақша! Тергеушілерді сатып алу керек!

ШАЛ: Ойбай, олардың құны қанша?

ДЕЛДАЛ: Қымбат, ақсақал, қымбат тұрады.

КЕМПІР (*қалтасын ақтарып*): Әлгі пенсиясы құрғыр...

ДЕЛДАЛ: Әуре болмаңыз. Балаларыңыз қайда?

ШАЛ: Ақша іздеп кеткен.

КЕМПІР: Өзің бір иманжүзді бала екенсің. Көмектес. Қызымды босаттыр, шырағым.

ДЕЛДАЛ: 150 мың доллар қираған машинаның құны. Так, көтерілген істі жаптыру үшін (*саусағын жыбырлатып ойнатып*) 20, жоқ, 30 мың доллар. Так, машина ішіндегі мүлік құны...

КЕМПІР: Ойбай, не дейд, ойбай!

ШАЛ: Осы үйді берсек құтыламыз ба?

ДЕЛДАЛ: Тергеушіні көндіруге болар. Басқасын білмеймін. Ойланайық.

КЕМПІР: Дүние не боп кетті өзі? Жалғыз қыз жаудан бетер...

ДЕЛДАЛ: Үйдің құжатын бере қойындар. Өзіміз реттейміз.

ШАЛ (*кемпіріне қарап*): Бер, бастан садақа, бер.

КЕМПІР (*шкафты ақтарып қағаз алады*): Мә, шырағым, мә. Қызым қашан келеді? Құтылды ғой енді?

ДЕЛДАЛ (*кетуге асығыс жиналып*): Кешікпес. Хабар болады. Жағдайы жақсы. Хош. (*Шыға жөнеледі*).

КЕМПІР: Әлгі бала жаңа үй салам деді ғой. Бастан садақа.

ШАЛ (*қолын сілтеп*): Кетсін. Барсын. Құтылсын.

(*Сахна қараңғыланып, айналады. Креслода шалқайып наркобарон отыр. Екі аяғын айқастырып алдындағы биік*



столға қойған. Қолында – қорқор. Өз-өзінен шалқалап күледі. Мойнын созып залдың әр бұрышына қарайды. «Жоқ, сендер емес» деп тіл қатады, «Қорықпаңдар! Мені танысыңдар ма? Үндемейсіңдер. Біледі бәрі де... Іштей. Айтпаңдар бірақ». Сосын орнынан тұрып қол шапалақтайды.

Мұның алдына үлкен үл жүгіріп келіп жығылады. Үсті-басы лас, есі шығып кеткен. Үрей меңдеген).

ҮЛКЕН ҰЛ (тұрып жатып): Кешірерсіз. Желкеден түйіп... Кешеден бері.

НАРКОВАРОН: Желкелен, (аяғын айқастырып отырған қалпы) онысы несі? Айыбыңыз бар шығар?

ҮЛКЕН ҰЛ: Айып... «Хаммердің» ақшасын... Өзір етеміз.

НАРКОВАРОН: «Хаммер»... Онда менің шаруам жоқ. Иесі бар. Соған.

ҮЛКЕН ҰЛ: Енді... Басқасын...

НАРКОВАРОН: Иә, басқасын. Телефонмен айттым. Қанша қайталауға болады?

ҮЛКЕН ҰЛ: Оған қарындасым кінәлі емес.

НАРКОВАРОН (атып тұрып): Ол қаншық қандай ұлы істі бүлдіргенін, басымызды айықпас пәлеге байлап бергенін білесің бе? А, сұмырай?

ҮЛКЕН ҰЛ: Білмеймін.

НАРКОВАРОН: Кешеден бері әлгілер саған не үйреткен? Қазір, ендеше! (Пистолетін суырады).

ҮЛКЕН ҰЛ: Сабады, қол-аяғымды кісендеді...

НАРКОВАРОН: Білмейсің, а? Қазір, ендеше! (Екі бұтаның арасынан атады).

ҮЛКЕН ҰЛ (шошып секіріп): Білем!.. Білемін!

НАРКОВАРОН (тағы бір атып): Білсең, қанша? Айт тез!

ҮЛКЕН ҰЛ: Бір миллион! (Әлі де секіріп) Бір миллион доллар!

НАРКОВАРОН: Қашан қолға тиеді?



ҮЛКЕН ҰЛ: Бір апта. Дайын етем.

НАРКОБАРОН: Жоқ. Екі күн. Соңғы срок.

ҮЛКЕН ҰЛ: Келістім, қарындасым...

НАРКОБАРОН: Есіттім. Қарындасың әдемі. Бұрыннан танымын. Бересің бе *(жағасынан ұстап көтеріп)* маған?

ҮЛКЕН ҰЛ: Берем. Босат мені. Ақшаны да, қарындасы да. Тек босат!

НАРКОБАРОН *(кекетіп күліп)*: Жан тәтті.

ҮЛКЕН ҰЛ: Солай *(абдырап)*. Тек босата гөр. Табам, берем бөрің...

НАРКОБАРОН: Тісіңнен шықпасын. Екі-ақ күн. Бір сағат кешіксең... *(Сағатына қарап)* Жерден де, көктен де іздеп табам. Бар. *(Қалта телефоны шырылдайды. Көтереді)*. Иә, сәлем, Мынау. Солай де... Жаңа жібердім. Үй құжатын алған... Анау ақша таба алмайды. Сатуы мүмкін... Генерал қосымша тексеруде... Қиын... Куәден құтылу... Қыз сосын... Оңбаған итті... Жарайды... Жібер өзіме.

(Наркобарон жын кеулеп қолына пистолетін алған күйінде сахнаның оң жағынан шығып кетеді. Сол кезде қолы-басы дәкемен ораулы Анау сол жақ қапталдан сахнаға өте бергенде көк желкесінен пистолет атылады. Анау сахна ортасына келіп құлайды).

Төртінші көрініс

Сахнада қала пәтері. Кемпір мен шал, ортаншы ұл, келін, кенже ұл мен әйелі терең ой, қиналыс үстінде отыр.

КЕЛІН *(көгеріп-сазарып)*: Айдаладағы алаяққа үйдің құжатын неге бересіңдер дейм?

КЕМПІР: Жанды қойды ма, қуырып... Аламыз да, қызыңды босатамыз деді.

КЕЛІН: Кәні, босатқаны? Күнде тергеу. Жіберер емес.



ШАЛ: Шырағым келін, адам аман болса, дүние табылар.

КЕМПІР: Иә, бетімізден қаба берме.

КЕЛІН: Көрдің бе, енді итке теңеп тұр. Қабады деп, *(сықсыңдап жылайды)* кетем...

ШАЛ: Әй, *(ортаншы ұлға)* ағаң қайда жүр осы? Үш күн өтті. Үшті-күйлі жоқ.

ОРТАНШЫ ҰЛ *(дағдарып)*: Бір мәселе... Болмай жатыр.

КЕЛІН *(шаптығып)*: Бәрі әлгі не бай алмайтын, не Құдай алмайтын қаншықтың кесірі. Мафияның қармағына ілінген шығар.

КЕНЖЕ ҰЛ *(сақалын сауып)*: Иә, Алла, ашық күнде адасқандарды өзің тура жолға бастай көр.

ӘЙЕЛІ *(орамалын қымтай түсіп)*: Әмин!

ОРТАНШЫ ҰЛ: Сен қатын, әке-шешеме қарап шапылдама. Білдің бе? Төркініңнен арқалап әкелген дүниең жоқ.

ӘЙЕЛІ: Кетем. Бөлек шығам *(затын жинап)*. Күн беруді қойдыңдар.

ОРТАНШЫ ҰЛ: Шаруаңа қара. Ағама қатын табылар. Көрек болса теңдермен алады. Конкурс жариялап.

ӘЙЕЛІ: Алсын. Бес-бестен, он-оннан алсын.

ШАЛ: Қойыңдар дейм, түге.

КЕМПІР *(шалдыр етіп сынған айнаның даусы естіледі. Кемпір селк ете түседі)*: Ойбай, Айдың-Күннің аманында бөлініп-жарылып. Келін айналайын, сабыр ет. Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Дүния құрсын, дүния.

ШАЛ: Иә, өздерің аман болыңдар.

(Осы кезде есіктен делдал жігіт келіп кіреді).

ДЕЛДАЛ *(жылмаң қағып)*: Тағы келіп қалдық.

ШАЛ: Кел, балам, төрлет.

КЕМПІР: Осы бала қызыңды құтқарам деп шыр-пыр боп... Үйдің құжатын алып кеткен.

ОРТАНШЫ ҰЛ *(атып тұрып)*: Сен неге рұқсатсыз аласың? Қандай қақың бар? Кімсің өзі?



ДЕЛДАЛ: Тоқта, жігіт. Қарындасың қиратқан машинаның құнын төлеу керек пе? Керек. Айтқан уақытта ақшасын әкелдіңдер ме? Жоқ. Енді бізге не дейсің?

КЕЛІН (*шаптығып*): Сен кімсің? Тергеушісің бе, машинаның иесісің бе? Әлде екі ортадағы алаяқсың ба?

ДЕЛДАЛ (*шікірейін*): Тіліңізді тартыңыз. Мен солардың аса жауапты тұлғасымын.

ОРТАНШЫ ҰЛ: Енді неге келдің? Аларыңды алдың. Бар.

ДЕЛДАЛ: Жоқ, олай деме, жігіт. Олар моральдық зиян шекті. Соны төлеу керек.

КЕМПІР (*шошып*): Ойбай, мораль деген не пәле?

ОРТАНШЫ ҰЛ: Мораль? Ұры-қарыда қайдағы мораль?

ДЕЛДАЛ: Осы сөзің үшін жауап бересің. Ұмытпа!

КЕЛІН: Моралыңның құны қанша, айт?

ДЕЛДАЛ: Дүкеніңді бересің. Құтыласың.

КЕЛІН (*шошып, бажылдап делдалға ұмтылады*): Дүкен? Ах, қанішер! Ах, жауыз!

(*Бұл кезде кенже ұл әйелі екеуі жайнамазға жығылып жатады*).

КЕМПІР: Мыналарда ынсап жоқ қой.

ОРТАНШЫ ҰЛ (*тұра ұмтылып делдалдың жағасына жармасады*): Көрсетейін қазір! Дүкенді дейді. Міне, саған мораль!

КЕЛІН (*ол да делдалды ұрып*): Ұр! Аяма! Мә, саған! Мә, дүкен!

ШАЛ (*шырылдап*): Тоқтатындар. Қойындар дейм (*ортаға түсіп*). Ойпырм-ай!

КЕМПІР: Қызыма пәлесі жүғар (*арашалап*). Келінжан, қоя қой. Сабыр ет. Садағаң кетейін, өңшең. Моралыңнан айналайын.

КЕНЖЕ ҰЛ: Алладан жәрдем сұраймын. Пәле-пәтерден, қауіп-қатерден өзің құтқара көр!

ӘЙЕЛІ: Әмин!



ДЕЛДАЛ (*қашып*): Көздеріңе көк шыбын үймелетемін. Көр де тұр. Мұнымен құтылмайсыңдар. Көтерем. Бәрің көтерем! Қара дауыл қаптатам. Аяғыма жалғыздап жығам. Қырам, жоям!

(Осы кезде шал жүрегін ұстап жерге омақаса құлайды. Сахна қаракөлеңке. Алыстан түскен екі-үш ойма жарық байыз таппай әрлі-берлі қайшыласады. Бұрынғы орнында Наркобарон отыр. Аяғы алдында асулы. Бізалы. Мынау майор келеді).

НАРКОБАРОН: Не жаңалық?

МЫНАУ: Қуанарлық ештеңе жоқ.

НАРКОБАРОН: Айт.

МЫНАУ: Қыздың үлкен ағасы қашып кетті. Шетелге.

НАРКОБАРОН: Білем. Түркияға. Неге айрыласың?

МЫНАУ: Жіптің ұшы қолында еді ғой.

НАРКОБАРОН: Бәрібір тірі құтылмайды. Құғыншы кетті. Сосын?

МЫНАУ: Қызды босататын мерзім асып барады. Заң бойынша.

НАРКОБАРОН: Ой, сенің заңыңды... Ол қызбен мен кездесуім керек.

МЫНАУ: Қиын. Қалай алып шағамын?

НАРКОБАРОН: Алып шық СИЗО-дан. Тілдестір. Болды!

МЫНАУ (*қипақтап*): Әлі де болған жоқ. Үй құжаты қолда. Дүкендікі жоқ.

НАРКОБАРОН: Білем.

МЫНАУ (*сыбырлап*): Ең үлкен қатер... (*Саусағын шошайтып*) Ең үлкен... Генерал осы істі өз қарауына алып күндіз-түні бағып отыр. Қауіп бар.

НАРКОБАРОН: Бім. Кәрі шөңге. Кетпеді-ау. (*Ойла-нып*) Жібер қызды. Қалғанын кейін айтам.

МЫНАУ: Қамап қойма. Ағасындай ғып. Қайтар. Басым кетеді. (*Кетеді*).



НАРКОБАРОН (*орнынан тұрып*): Басым кетеді. Қымбат, а, басы? Бұл жерде талай бастар кеткелі тұр. Ресейліктер анау. Косякқа кіргізіп, счетшікке қойып күн сайын сыртылдатып жатыр. Оларды шетелдіктер тосуда. Ал, тауар жоқ. Алып шыға алмадық. Бұл жолы... Қағам бастарын бәрінің. Әлгі делдал қайда жүр? (*Осы кезде біреу қызды мұның алдына кіргізеді де, өзі шығып кетеді. Екі-үш ойма жарық сахнада әлі қайшыласып тұр*). Кел, бикеш, төрлет. Зарығып күттік. Неге үндемейсіз?

ҚЫЗ: Сіз... сіз кімсіз? (*Осы кезде ойма жарықтың бірі наркобаронның бетіне түседі*). Ах, (*шошып*) қайда әкелді? Тергеуші десем.

НАРКОБАРОН: Ең үлкен тергеуші мен. Алладан кейінгі.

ҚЫЗ: Алланың садағасы кетіңіз.

НАРКОБАРОН: Ә, солай ма? Көрейік. Садағасы кет... Сайратайын ендеше!

ҚЫЗ: Сізге не керек? Айтыңыз.

НАРКОБАРОН: Бар пәленің басы – сен! Құныкерсің. Қалай өтейсің?

ҚЫЗ: Машина үшін бе? Қираған?

НАРКОБАРОН: Ол цветочек! Біліп тұрсың, айт!

ҚЫЗ: Ағам...

НАРКОБАРОН: Ағаң шетелге қашып кетті. Бас сауғалап. Кеше.

ҚЫЗ (*абдырап*): Ах, не дейд? Шетелге? Менен қашқаны ма?

НАРКОБАРОН (*қызға жақындап*): Сенен және менен.

ҚЫЗ (*қашқалақтап*): Енді не істедім?

НАРКОБАРОН: Ол қарындасымды ал деді. Бердім деді.

ҚЫЗ: Өтірік!

НАРКОБАРОН: Рас. Сосын, қарындас, мен сені көптен білем. Сыртыңнан ғашықпын. Әдемісің, ақылдысың... (*Құшақтайды*).

ҚЫЗ: Тоқтатыңыз. Мен шағымданамын.



НАРКОБАРОН: Кімге? *(Қарқылдап күліп)* Бәрі менің, *(алақанын жұмып-ашып)* бәрі менің уысымда.

ҚЫЗ *(торығып):* Енді не істедім?

НАРКОБАРОН *(құшақтап):* Ең оңай жолы – менің қасымда қаласың. «Хаммерді» кешірдім. Құнын төледі дейм.

ҚЫЗ *(ыңғайына көне бастайды):* Сосын?

НАРКОБАРОН: Сосын көреміз. Келші, қасыма, аппақ тамағыңнан...

ҚЫЗ *(итеріп):* Ағаларым құтыла ма? Пәлеңнен... *(Бішқынып)* Айт. Айт дейм!

НАРКОБАРОН *(қызды көтеріп алып):* Көреміз дедім. *(Рахаттанып күледі).* Көреміз сосын... Аппақ тамағың... *(Қыздың айқайлаған жан дауысы шығады).*

(Сахнадағы жарық қараңғыланып барып кері жанады. Дабыл беріледі. Сахна сыртында сирена дауысы, әрлі-берлі жүгіргендер. Қашты-қуды үдеп барып басылады. Генералдың кабинеті көріністе. Өзі столда отыр. Бір папканы әрлі-берлі ақтарып, бетін жабады. Ой меңдеген қалпы орнынан тұрады. Күрсінеді, бас шайқайды, ерсілік-қарсылы адымдайды. Осы кезде Мынау майор келеді. Қыздың бір қолына кісен салып жетелеп алған).

МЫНАУ: Келдік, жолдас генерал.

ГЕНЕРАЛ *(оның жүзіне тесіле қарайды, қыз жүзін алып қашады):* Тергеу ісі бітті ме?

МЫНАУ: Бітті, жолдас генерал.

ГЕНЕРАЛ: Біз де бітірдік, жолдас майор. *(Жақындап келіп майордың белінен пистолетін шешіп алып столдың үстіне қояды. Қыздың бір қолындағы кісенді ағытып алады да, майордың екінші қолын артына қайырып сырт еткізіп сала салады).* Тұтқындалдыңыз, жолдас Мынау. Не үшін? Білесіз ғой.

МЫНАУ *(басын изеп):* Иә...

ГЕНЕРАЛ *(есікке қарап):* Әкеліңдер! *(Қолына кісен салынған Наркобарон кіреді).*



ҚЫЗ (*шошып*): Ах!

ГЕНЕРАЛ: Қорықпа, қызым. Мафия түгел тұтқындалған.

НАРКОБАРОН (*теңселіп, айбат шегіп*): Жыланды қанша кессең де кесірткедей...

ГЕНЕРАЛ: Ол ертегіні түрмеде айтарсың. Әкеліңдер. (*Қолына кісен салынған делдал келеді*).

ДЕЛДАЛ (*бажылдап*): Менің кінәм жоқ, жолдас генерал!

НАРКОБАРОН (*бір теуіп*): Бажылдама, иттің күшігі. (*Қызға*) Сен қыз... (*Қарқылдай күліп*) Тамағың аппақ екен...

ҚЫЗ (*құтырынып, столдың үстінде жатқан майордың пистолетін жұлып алып наркобаронды көздейді. Иегі мен қолы қалтырайды*): Қазір... қазір.

ГЕНЕРАЛ (*қыздың қолынан пистолетті жайлап алады*): Сабыр, қызым. Бәрі аяқталды. Сабыр ет. (*Қыз генералдың иығына басын қойып жылайды*). Ешкімге еш нәрсе де қарыз емессің. Сен сол авария арқылы... Қолға түспей келген қылмысты аштың. Қаншама адамды атың өшкір кесапаттан құтқардың. Рахмет саған! (*Басын иіп*) Ал, мынау (*стол үстінен қағаз алып қолына ұстатады*) үйіңнің қолды болған құжаты. Ал, аман жүр. Хош. (*Қыз қуанып, шығуға ұмтылады*).

Сахна айналғанда қала пәтері. Кемпір – жалғыз. Қабырғада сынған айнаның дөңгелек ағаш жиегі ілулі тұр. Кемпір айнаның әр сынығын соған апарып орналастырып жүр. Бір-бірлеп. Орны-орнына.

Шымылдық

Астана,
2011 жыл

Рахымжан ОТАРБАЕВ

АЙНА-ҒҰМЫР

Пьесалар

Редакторы *Ботажоз Мұхиден*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Керкемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*
Корректоры *Шолпан Оразбаева*
Компьютерде беттеген *Эльмира Заманбек*

Басуға 09.11.13 қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 26,88.
Тапсырыс №0213. Таралымы 2000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

1250т.

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13